

**Ақжар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 13-13 "2024-2026 жылдарға арналған Ақжар ауданы Кіші-Қарой ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 18-6 шешімі

Ақжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақжар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 13-13 "2024-2026 жылдарға арналған Ақжар ауданы Кішіқарой ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Ақжар ауданы Кішіқарой ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3 -қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 186234 мың теңге:

салықтық түсімдер – 5300 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 546 мың теңге;

трансферттер түсімі – 180388 мың теңге;

2) шығындар – 186720,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -486,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 486,2 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 486,2 мың теңге.";

мынадай мазмұндағы 6-1 тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Осы шешімге 2 қосымшаға сәйкес ауылдық бюджет қаржылық жыл басына қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтарын және аудандық және облыстық бюджеттерден 2023 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) берілген нысаналы трансферттерді қайтару есебінен шығыстар көзделсін.

Ауылдық бюджет қаржылық жыл басына қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтарын аудандық және облыстық бюджеттерден 2023 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) берілген нысаналы трансферттерді қайтару есебінен шығыстарын бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кіші-Қарой ауылдық округі әкімінің "2024-2026 жылдарға арналған Ақжар ауданы Кіші-Қарой ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Ақжар аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" шешімімен айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес көрсетілген шешімнің 4-қосымшасымен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақжар аудандық мәслихат төрағасы*

*М. Жүсіпбеков*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ақжар аудандық мәслихатының  
2024 жылғы 30 сәуірдегі № 18-6  
шешіміне 1 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ақжар аудандық мәслихатының  
2023 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 13-13 шешіміне 1 қосымша

### **Ақжар ауданы Кіші-Қарой ауылдық округінің 2024 жылға арналған бюджеті**

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			I.Кірістер	186234
1			Салықтық түсімдер	5300
	01		Табыс салығы	172
		2	Жеке табыс салығы	172
	04		Меншікке салынатын салықтар	5128
		1	Мүлікке салынатын салықтар	311
		3	Жер салығы	13
		4	Көлік құралдарын салынатын салық	1568
		5	Бірыңғай жер салығы	3236
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	546

	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	546
		1	Жерді сату	546
4			Трансферттердің түсімдері	180388
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	180388
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	180388
Атауы				Сумма тысяч тенге
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			II. Шығындар	186720,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	33855
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	33855
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	33605
		022	Мемлекеттің күрделі шығындары	250
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2864,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2864,4
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	229

		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1290
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1345,4
12			Көлік және байланыс	150000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	150000
		045	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	150000
15			Трансферттер	0,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	0,8
		048	Пайдаланылмаған ( толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,8
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	( -486,2
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	( 486,2

			профицитін пайдалану)	
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	486,2
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	486,2
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	486,2

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ақжар аудандық мәслихатының  
2024 жылғы 30 сәуірдегі № 18-6  
шешіміне 2 қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ақжар аудандық мәслихатының  
2023 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 13-13 шешіміне 4 қосымша

**Қаржы жылының басында белгіленген 2024 жылға арналған бюджет қаражатының бос қалдықтарының сомаларын бөлу және 2023 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) облыстық бюджеттердің нысаналы трансферттерін қайтару**

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	486,2
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	486,2
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	486,2
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы мың теңге
		Бағдарлама		
			II. Шығындар	486,2
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	485,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	485,4

		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	100
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	385,4
15			Трансферттер	0,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	0,8
		048	Пайдаланылмаған ( т о л ы қ пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК